

Хаттама № 2

10-желтоқсан 2020-2021 оқу жылы

№14»Шолпан» балабақшасында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысуы тиіс:-15

Қатысқаны:-15

Қаралатын мәселе:

1.«Менің тату жанұям» адам өміріндегі, әсіресе бала тәрбиесіндегі қажеттілігі жайлы (пікірталас)

2.Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі (Баяндама)

Тыңдалды: Тәрбиеші Ж.Тәти сөз алды.

Балабақша мен ата-ана арасындағы байланыс баланың жан-жақты дамуына көп әсері бар екендігін айта кеткім келеді Балабақша ішілік мәселелер туралы Әдіскер К.Байқадамова сөз алды. Ата-аналарға өздерінің көкейдегі ұсыныстары мен пікірлері, талап тілектерін айтуларына ықпал етті. Ата-ана А.Оңалбаеваға сөз берілді. Балалар мен тәрбиешілердің жұмысын әлеуметтік желі арқылы салып отырсаңыздар, нұр үстіне нұр болар еді. Қазіргі таңда шектеу шараларына байланысты жүргізілген жұмыстарды әлеуметтік желі арқылы көріп отырғымыз келеді деп ортаға ой тастады. Балабақша психологы Г.Даменова сөз алды. Ата-ана мен тәрбиеші тығыз байланыста болып отыру керек. Баланың мінез-құлқына, тәртібіне, іс-әрекетіне, ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысуына қадағалап отырамыз. Психолог балалармен түстерді ажыратуына, геометриялық пішіндерді, саусақ кол моторикасын дамуына саусақ жаттығуларын жасатады. Балалардың мінезіне өзінің бақылауына байланысты ата-аналармен пікір алмасты. Медбике Р.Байболатоваға сөз берілді. Балалардың жеке бас гигиенаға мән беруді, балабақшаға таза ықшам ыңғайлы киінуді ата-аналарға тапсырды. Күнделікті аяқ қолдарын, тырнақтарын алынуын, шаштарының жуылып тазаланып тұруын ескерте өтті.Қыс мезгіліне байланысты жылы киінуіне мән берулерін айтып өтті.